



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

3. Уголовный кодекс Республики Казахстан // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252#pos=1454;-90;
4. Уголовный кодекс Российской Федерации // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_217848/3d0cac60971a511280cbba229d9b6329c07731f7/#dst100010;
5. Уголовный Кодекс Республики Украина // <https://meget.kiev.ua/kodeks/ugolovniy-kodeks/razdel-1-2/>;
6. Уголовный Кодекс Республики Узбекистан // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30421110#pos=861;-100;
7. Уголовный Кодекс Республики Беларусь // <http://xn----ctbcgfviccvi9bq8k.xn--90ais/statuya-145>.

УДК 341.44

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЭКСТРАДИЦИЯ ИНСТИТУТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қалибеков Кенесары

2pacshak@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші – з.ғ.д., профессор Тлеухан Р.Қ.

Соңғы уақытта ғылыми қоғамдастық тарапынан қылмыскерді ұстау институтын зерттеуге қызығушылық артуда. Экстрадицияның теориялық және практикалық мәселелеріне көптеген мақалалар ғана емес, сондай-ақ монографиялық деңгейде жүргізілетін іргелі зерттеулер де арналған. Аталмыш институт халықаралық құқықпен (халықаралық шарттар, конвенциялар) және жеке мемлекеттердің ұлттық заңнамасы (Конституция, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық процесілік кодексі, «Экстрадициялау туралы» арнайы заң) қиылысында орналасқан. Бірақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында, ТМД елдерінің заңнамаларында, Минск конвенциясында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған және экстрадиция процесін реттейтін халықаралық шарттарда экстрадиция тұжырымдамасының нақты анықтамасы жоқ. Құқықтық әдебиетте экстрадиция тұжырымдамасының анықтамалары және осы институттың заңнамалар жүйесіндегі орнына қатысты әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Алайда, ғалымдар «экстрадиция» терминінің түсінігіне қатысты әртүрлі пікірлермен шектеледі.

Ең қысқа анықтаманың бірі Құқықтық энциклопедиялық сөздігінде көрсетілген: «қылмыскерді ұстап беру (экстрадиция) – бұл қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе сот үкімін орындау үшін қылмыскерді бір мемлекеттен басқа мемлекеттің қарамағына беру» [1].

В.М. Волженкинаның айтуынша, «экстрадиция – қылмыскерді қылмыстық жауапкершілікке тартуға қатысты қылмыстық юрисдикциясы бар мемлекет оны одан кейінгі қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе сот үкімін орындау мақсатында қылмыскердің жасырынып жүрген мемлекетінен сұрау және алу процедурасы» [2].

Л.Н. Галенская экстрадицияны «халықаралық құқық нормаларына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе қылмыстық жазалауды қолдану үшін қылмыскерді бір мемлекетке басқа мемлекеттің ұстап беруі» деп анықтайды [3].

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек, халықаралық қатынастарда қалыптасқан нормативтік және ұйымдастырушылық құқықтық құралдар жүйесі болып табылады, ол қылмыстық істер бойынша бірнеше мемлекеттердің аумақтарында іс жүргізу әрекеттерін аяқтауды талап ететін ынтымақтастықта пайдаланылады. Халықаралық ынтымақтастық саласындағы қылмыстық істерде жеке-дара реттелетін, қылмыстық қудалау немесе жазаны

орындау үшін қылмыскерді ұстап беру (экстрадиция) құқықтық көмектің бөлек түрі болып табылады.

Құқықтық әдебиетте кейбір зерттеушілердің пайымдауынша қылмыскерді ұстап беруге қатысты қолданылатын түсініктерді талдау кезінде «экстрадиция» және «қылмыскерді ұстап беру» терминдері бір мағынаны білдіретіндігін көрсетеді. Қазіргі уақытта бұл көзқарас басым болып отырғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, кейбір авторлар экстрадицияны басқабарлық құқық салаларынан ажыратып, оны тәуелсіз институт ретінде бөлуге тырысады. А.К. Романова және О.Б. Лысягинаның пікірінше, «соңғы уақытта экстрадиция институтының өзекті мәселелерін зерттеу кеңінен дамып келеді. Қазіргі жағдайларға байланысты экстрадиция институты тәуелсіз және маңызды заң институты ретінде қалыптасуда. Мемлекеттік экстрадиция тәжірибесінің және оның нормативтік реттелуінің шынайылығы қылмыскерді ұстап беру және экстрадиция түсініктерін бір бірімен байланыстырып алмастыруға мүмкіндік бермейді». Осы орайда авторлар «заманауи жағдайларда экстрадиция институты тәуелсіз, маңызды және жалпыға ортақ халықаралық құқықтық институт ретінде өзін бекітті. Қылмыскерді ұстап беру институтының нормалары, процедуралары, ұғымдары мен принциптері мемлекеттер арасындағы құқықтық көмек пен ынтымақтастықты дамытуда, құқықтар мен бостандықтарды сақтаудың, қылмысқа қарсы күрестің, терроризмнің және әлемнің кез келген бөлігінде орын алатын басқа да жағымсыз көріністерді шешуде құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады» – деп атап көрсетті[4].

Экстрадиция институты қылмыстық іс-жүргізу құқығының кешенді және күрделі институты болып табылады. Адамдарды ұстап беру институтының нормалары кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Экстрадиция институтының мазмұны қылмыскерлерді экстрадициялау мен ғана шектелмейді, сонымен қатарол қылмыстық және азаматтық істер бойынша мемлекеттер арасындағы халықаралық ынтымақтастықты және құқықтық көмек көрсетуді реттейді. Алайда, экстрадиция рәсімінде қылмыскерлерді ұстап берумен жазалау аспектілерін ғана емес, сонымен қатар басқа да құқықтық-процестік мәселелерінің кең ауқымы қарастырылады. Атап айтқанда, мемлекеттер арасындағы құқықтық көмек пен ынтымақтастықтың кең мағынадағы әрекеттерін көрсетуге болады. Бұл жағдайда экстрадиция тұжырымдамасының кеңейгендігі байқалады. Ол қылмыскерлерді ұстап беру ғана емес, сонымен қатар басқа да әрекеттердің, шаралар мен мақсаттардың тұтас сериясын қамтиды. Мұндай әрекеттерге мыналар жатады:

- қылмыскерді ұстап беру мәселелері;
- белгілі бір іс жүргізу формасында жүргізілген өтінімге (өтінішке) жауап ретінде басқа әрекеттерді орындау;
- қамауға алудың негіздерін іс жүргізу процесінде тексеру;
- қылмыскерді ұстау;
- қылмыскерді ұстап беру уақыты мен орны туралы келісім;
- қылмыскерді ұстап беру мақсатында оны тасымалдау.

Осылайша, қылмыс жасаған тұлғаларды экстрадициялау институтының көп қырлығы және оның тұжырымдамасының заңнамалық тұрғыда бекітілмеуі оның мәнін нақты түрде түсіндірудегі кейбір мәселелердің пайда болуына әкеп соғады.

Экстрадиция институтының мәні жалпы қабылданған – «aut dedere aut judi care» қағидасын білдіреді, яғни қылмыс жасаған тұлға қылмыс жасалған мемлекетте, немесе ұсталған мемлекетте, немесе жасалған қылмыстан ең көп зардап шеккен мемлекетте қатаң жазалануы тиіс. Осы орайда АҚШ-та, Ұлыбританияда, Голландияда, Германияда және басқа елдерде сияқты Қазақстан Республикасында экстрадиция туралы арнайы заңның жоқ екендігін атап өткен жөн, бірақ кейбір заңнамалық актілер осы мәселе бойынша жеке ережелерді қамтиды. Қазақстан Республикасы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы Минск конвенциясын бойынша екіжақты шарттарды жасасу тәжірибесіне сүйенеді. Қылмыскерді ұстап берудің құқықтық негіздері халықаралық қылмыстылықпен және халықаралық қылмыстардың белгілі бір түрлерімен күресу туралы

көп жақты келісімдер болып табылады(мысалы, 1968 жылғы адамзатқа қарсы соғыс қылмыстары мен адам саудасына қарсы қылмыстарға қатысты ескіру мерзімдерін қолданбау туралы конвенциясы, 1970 жылғы Әуе кемелерін заңсыз басып алуды болдырмау туралы Гаага конвенциясы, 1988 жылғы Есірткі заттар мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясы және т.б.), құқықтық көмек туралы аймақтық және екі жақты келісімдер (мысалы, 1959 жылғы Қылмыстық істерде өзара көмек туралы ЕО конвенциясы, 1993 жылғы Минск конвенциясы, 2003 Кишинев конвенциясы).

Қылмыскерлерді экстрадициялауға қойылатын талаптардың мазмұнына маңызды назар аудару керек:

- Қылмыстық істі жүргізуші органның атауы;
- Қылмыскердің жеке деректері;
- Қылмыскердің сыртқы түрі;
- Сотталушының (айыпталушының) фотосуреттері;
- Тұлғаның айыпталушы деп тану туралы қаулы, немесе жазаны тағайындау орны мен уақыты туралы мәліметтер;

– Жасалған қылмыстың нақты мән-жайлары, осы қылмыс үшін жауапкершілікті көздейтін заңнамадан қысқаша мәтіні және жасалған қылмыс үшін көзделетін санкцияның міндетті түрде көрсетілуімен.

Осыған байланысты Қылмыстық процесілік кодексінің 582-бабы халықаралық құқықтың арнайы ережесін толықтырып, белгіледі. Яғни, аталмыш бап бойынша «Шет мемлекет ұстап берген (экстрадициялаған) адам оны ұстап берген мемлекеттің келісімінсіз, ұстап беруге (экстрадициялауға) байланысты емес өзге де қылмыс үшін қылмыстық жауаптылыққа тартыла алмайды, жазалана алмайды»[5].

Қылмыскерді ұстап беру туралы талапты қанағаттандырған мемлекет осы талапты жіберген мемлекетке дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды және қылмыскерді ұстап беру уақытын және орнын анықтайды. Онымен бірге қылмыстық жолмен алынған заттар, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болуы мүмкін заттар жіберіледі. Бұл тәртіп жалпыға бірдей қабылданады және іс жүзінде экстрадиция туралы барлық халықаралық құқықтық құжаттарда расталады.

Қазіргі кезеңде қылмыстылыққа қарсы күрес саласындағы іс-қимылдарды үйлестіретін және жүргізетін халықаралық ұйымдардың рөлі артып келеді. 1992 жылғы 4 қарашада Интерполдың Бас Ассамблеясының 61-ші сессиясында Қазақстан Республикасы Интерполға мүше ретінде кірді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының (Интерпол) Ұлттық орталық бюросын құруды тапсырды. Бұл Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен халықаралық тұрғыда қылмыстылыққа қарсы күресуде және экстрадиция саласындағы ауқымды ынтымақтастығын көрсетеді.

Адамды ұстап беру – экстрадициялау институтының тұжырымдамасы мен мазмұнына келетін болсақ, осы орайда ғылыми әдебиеттерде белгілі бір ортақ пікір жоқ. Осы мәселе бойынша ғалымдардың зерттеулері негізінде, қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша экстрадиция – қылмыстық қудалау немесе заңдық күшіне енген сот шешімдерін орындау мақсатында, халықаралық шарттарда және ұлттық заңнамаларда белгіленген тәртіппен немесе өзара қарым-қатынас қағидаты негізінде адамды іздестіруге, ұстауға, қамауға алуға және шет мемлекеттің (немесе халықаралық трибуналдың, халықаралық қылмыстық соттың) қарамағына беруге бағытталған қылмыстық іс жүргізу әрекеттерінің кешені деп түсіндіріледі.

Әрине, бір жағынан, қылмыскерді шетелден экстрадициялау, көптеген жылдар бойы жүргізілетін күрделі жұмыстардың нәтижесі болып табылады. Экстрадициялау процедурасы халықаралық шарттарда бекітілген көптеген жағдайлармен қамтамасыз етілген, бұл адамның негізгі құқықтарын қамтамасыз етумен өте тығыз байланысты. Осы орайда егер кем дегенде бір шарт орындалмаса, экстрадициядан міндетті түрде бас тартылады. Басты міндет –

Қазақстан Республикасының құқықтары мен заңды мүдделерін, оның азаматтары мен ұйымдарын жалпы және құқықтық тұрғыдан барынша толық қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінгі таңда халықаралық қылмыстылықтың өсуінің үрдісі байқалуда және, тиісінше, халықаралық құқықтағы қылмыскерлерді экстрадициялау институтының рөлі арта түседі, өйткені бір мемлекетте қылмыс жасаған адамдар жиі басқа мемлекеттерден пана іздейді. Сондықтан аталмыш құбылыстың өзектілігі осы жағдайлармен түсіндіріледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сухарев А.Я. // Юридический энциклопедический словарь. М., 1984. с. 411.
2. Волженкина В.М. Выдача в российском уголовном процессе. М., 2002. с. 183.
3. Галенская Л.Н. Международная борьба с преступностью. М., 1972. с. 122.
4. Лысягин О.Б., Романов А.К. Институт экстрадиции: понятие, концепции, практика // Право и политика. 2005. № 3. с. 91 – 98.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. – Алматы: Юрист, 2017. – 344 б.

УДК 351.74

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАСТКОВОГО ИНСПЕКТОРА ПОЛИЦИИ ПО ОСУЩЕСТВЛЕНИЮ АДМИНИСТРАТИВНОГО НАДЗОРА ЗА ЛИЦАМИ, ОСВОБОЖДЕННЫМИ ИЗ МЕСТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ

Керімбеков Даулет Кенжебекұлы

Научный руководитель: Азимова Айгуль Кайратовна, преподаватель кафедры административно-правовых дисциплин Алматинской академии МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова, майор полиции

В последнее время из мест лишения свободы ежегодно освобождается более 300 тыс. ранее судимых лиц. Ими совершается каждое пятое преступление. По мнению многих специалистов, одной из основных причин сложившейся ситуации является отсутствие отлаженной системы административного надзора за лицами, освобожденными из мест лишения свободы, не ставшими на путь исправления.

Исправить данную ситуацию призваны участковые инспектора Республики Казахстана основе Приказа № 1095 от 29.12.2015 года «Об утверждении Правил организации деятельности участковых инспекторов полиции, ответственных за организацию работы участкового пункта полиции, участковых инспекторов полиции и их помощников», а также Законом Республики Казахстан от 15 июля 1996 г. «Об административном надзоре за лицами, освобожденными из мест лишения свободы», который также регламентирует порядок наблюдения за соблюдением лицами, освобожденными из мест лишения свободы, установленных судом административных ограничений их прав и свобод, а также за выполнением ими обязанностей.

Законодательство Республики Казахстан предусматривает, что обязанности по организации и осуществлению административного надзора призваны исполнять подразделения по организации и осуществлению административного надзора или должностные лица, на которых возложены обязанности по осуществлению административного надзора в целях предупреждения совершения лицами, освобожденными из мест лишения свободы, преступлений и иных правонарушений, оказания на них индивидуального профилактического воздействия.

Кроме того, в осуществлении административного надзора участвуют:

- 1) участковые инспектора полиции;
- 2) сотрудники строевых подразделений: патрульно-постовой службы полиции; вневедомственной охраны; дорожно-патрульной службы;